

«Күршім ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК бас
дәрігерінің
2022 жылғы «21» маусымдағы
№108 __ бұйрығымен бекітілген.



**«Күршім ауданының аудандық ауруханасы»
ШЖҚ КМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаты**

1. Құжаттың мақсаты және жалпы ережелер

1. Осы «Күршім ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл саясаты (бұдан әрі – саясат және КМК) Қазақстан Республикасының (бұдан әрі - ҚР) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына және КМКК ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Бұл саясат мыналарды белгілейді:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсаттар мен міндеттер;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары;
- 3) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер;
- 4) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені;
- 5) осы саясатты сақтау үшін жауапкершілік.

3. Осы саясаттың негізгі мақсаты КМК -да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, КМК және оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің мінез-құлықтың жоғары стандарттарына бейімділігі, іскерлік беделді нығайту және қоғамның КМК -ға сенімін арттыру болып табылады.

2. Қолдану саласы

4. Осы Саясат КМК барлық лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерімен танысу және мұлтіксіз сақтау үшін міндетті болып табылады.

5. Осы Саясат КМК (корпоративтік) сайтында орналастырылуы тиіс.

3. Терминдер мен анықтамалар

7. Осы саясатта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

- 1) **ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы** – «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» ҚР Заңы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де нормативтік құқықтық актілер;
- 2) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг** - КМК сыбайлас

жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қабылдайтын шаралардың тиімділігіне қатысты ақпаратты жинау, талдау және бағалау жөніндегі КМК қызметі;

3) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар** – КМК қызметінің оқшауланған саласы үшін белгіленген сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесі;

4) **сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептерді анықтау және зерделеу жөніндегі КМК қызметі;

5) **лауазымды тұлға** - КМҚК-мен еңбек қатынастарында тұратын және ұйымдастыру-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам;

6) **мүдделер қақтығысы** – лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, бұл ретте аталған адамдардың жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін;

7) **сыбайлас жемқорлық** – КМК лауазымды тұлғаларының өз лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

8) **сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық** - сыбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа қайшы кінәлі әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік), ол үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында жауапкершілік белгіленген;

9) **сыбайлас жемқорлық тәуекелі** – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

10) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл** – КМК өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою бойынша, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және терген-тексеру және олардың салдарларын жою бойынша қызметі;

11) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу** - алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі КМК қызметі;

12) **қызметкерлер** – КМК -мен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлғалар.

8. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ ашылмаған анықтамалар ҚР заңнамасында, КМК Жарғысы мен өзге ішкі құжаттарында пайдаланылатын анықтамаларға сәйкес келеді.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мақсат пен міндеттер

9. КМК -дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты атқаратын лауазымына қарамастан КМК лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлық қызметке тарту тәуекелін барынша азайту болып табылады.

10. Осы Саясат қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай міндеттерді шешуді көздейді:

1) КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінде кез келген сыбайлас жемқорлық көріністеріне мүлдем төзбеушілік түсінігін қалыптастыру;

2) КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қолданылуы мүмкін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптарын қорыту және түсіндіру;

3) КМК лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидалары мен талаптарын білу және сақтау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау бойынша барабар рәсімдерді жүзеге асыру міндетін белгілеу;

4) Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға және оған қарсы іс-қимыл жасауға, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын барынша азайтуға және (немесе) жоюға бағытталған сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды әзірлеуді және енгізуді қамтиды.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары

11. КМК -да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидалары:

1) **сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне нөлдік төзімділік** - КМК өз қызметін жүзеге асыру кезінде кез келген нысандар мен көріністерде сыбайлас жемқорлықты толық қабылдамау қағидатын ұстанады.

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне мүлдем төзбеушілік қағидаты КМК атынан немесе оның мүддесінде әрекет ететін КМК лауазымды адамдары мен қызметкерлері үшін қандай да бір салада қызмет жүргізу практикасына қарамастан тікелей немесе жанама, жеке немесе қандай да бір деңгейде арқылы сыбайлас жемқорлық әрекеттерге қатысуға қатаң тыйым салуды білдіреді;

2) **жұмыскерлердің тартылуы** - КМК ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының ережелері туралы өзінің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін ақпараттандырады және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға белсенді қатысуын қолдайды;

3) **жазаның бұлтартпастығы** – КМК өзінің лауазымдық міндеттерін атқару кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда атқаратын лауазымына, жұмыс өтіліне және өзге де жағдайларға қарамастан

КМК қызметкерлерін жазалаудың бұлтартпастығы туралы мәлімдейді;

4) **осы саясаттың заңдылығы мен ҚР қолданыстағы заңнамасына және жалпы қабылданған нормаларға сәйкестігі** - КМК ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын қатаң сақтайды және оның кез келген әрекеті немесе әрекетсіздігі қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларына қайшы келмейді;

5) **сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі рәсімдердің мөлшерлестігі** - КМК, оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін КМК қызметінде туындауы мүмкін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сәйкес сыбайлас жемқорлық қызметіне тарту ықтималдығын төмендетуге мүмкіндік беретін бақылау рәсімдерін әзірлейді және енгізеді;

6) **сыбайлас жемқорлыққа қарсы рәсімдердің тиімділігі** - КМК рәсімдерді барынша ашық, айқын, орындықта болатын етіп жасауға тырысады, бұл оларды іске асырудың қарапайымдылығын және маңызды нәтиже алуды қамтамасыз етеді. КМК қолданыстағы бақылау процедураларының тиімділігін бағалауды жүзеге асырады және тиімсіз болған жағдайда оларды жетілдіреді;

7) **тиісті сақтық** - КМК іскерлік/еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында үшінші тұлғалар мен жұмысқа орналасуға үміткерлерді олардың сенімділігі, сыбайлас жемқорлықты қабылдамау және мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан тексеруді жүзеге асырады;

8) **мониторинг және бақылау** - КМК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің жай-күйіне мониторинг жүргізеді, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы іс-қимыл бойынша енгізілген процедуралардың сақталуын және олардың тиімділігін бақылайды;

9) **өзара іс-қимыл және үйлестіру** - КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет саласында мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды және ынтымақтастықты, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл процесінде іс-қимылдарды үйлестіруді қамтамасыз етеді.

6. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары және оны орындау бойынша міндеттемелер

12. ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көзделген сыбайлас жемқорлық қылмыстар/құқық бұзушылықтар мыналар болып табылады (бірақ атап өтілгендермен шектелмейді):

1) лауазымды тұлға жасаған сенім тапсырылған бөтен мүлікті немденіп алу немесе ысырап ету, егер осы әрекеттер оның қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса;

2) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті лауазымды адам жасаған, егер осы іс-әрекет өзінің қызмет бабын пайдаланумен байланысты болса, жария ету (жылыстату);

3) лауазымды адам жасаған экономикалық контрабанда, егер осы іс-

әрекет оның өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса;

4) лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану, билікті немесе лауазымдық өкілеттіктерді асыра пайдалану;

5) кәсіпкерлік қызметке заңсыз қатысу;

6) пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу;

7) қызметтік жалғандық;

8) қызмет бойынша әрекетсіздік;

9) билікті теріс пайдалану, билікті асыра пайдалану немесе оның әрекетсіздігі;

10) немқұрайлылық;

11) жеке және заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі;

12) лауазымды адамның заңсыз материалдық сыйақы алуы;

13) бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау.

13. КМК, оның лауазымды тұлғалары және қызметкерлері сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын, сондай-ақ осы саясаттың қағидалары мен талаптарын сақтауға міндетті.

14. Осы саясатты іске асыру кезінде КМК оның лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне тікелей немесе жанама түрде, жеке өзі немесе үшінші тұлғалар арқылы сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттеріне қатысуға тыйым салынатынын, сондай-ақ:

1) пара беруді ұсыну, уәде ету немесе жүзеге асыру, яғни қандай да бір адамды өзінің лауазымдық міндеттерін тиісті түрде орындамауға итермелеу ниетімен кез келген қаржылық немесе өзге де пайда/артықшылық беру немесе беруге уәде беру;

2) параны талап етуге, қабылдауға немесе қабылдауға келісуге, яғни өзінің лауазымдық міндеттерін тиісінше орындамағаны үшін кез келген қаржылық немесе өзге де пайданы/артықшылықты алуға немесе алуға келісуге құқылы емес;

3) қолданыстағы заңнамада көзделгендерден басқа төлемдерді ұсынуға, уәде етуге немесе жүзеге асыруға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде иетелдік лауазымды адамдарға белгіленген рәсімдерді жеделдеткені немесе жеңілдеткені үшін сыйлықтар беруге міндетті;

4) төлемдер белгіленген рәсімдерді жеделдету немесе оңайлату үшін пайдаланылуы мүмкін деген күдік болған кезде үшінші тұлғаларға төлемдерді ұсынуға, уәде беруге немесе жүзеге асыруға құқылы;

5) жеке пайда табудың орнына КМК -ға жұмысқа орналастыруды ұсынуға, уәде етуге немесе ұсынуға (оның ішінде уақытша негізде);

6) үшінші тұлғалардан артық немесе жалған төлемдерді қабылдауға немесе қабылдауға ықпал ету;

7) ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарына және КМК ішкі құжаттарына қайшы келетін сыйлықтарды немесе қонақжайлылық белгілерін сыйлауға немесе алуға.

15. КМК лауазымды тұлғалары өздерінің кәсіби қызметінде келесі тәртіп нормаларын қатаң сақтауы тиіс:

1) ҚР Заңнамасының және осы саясаттың талаптарын орындауға міндетті;

2) іскерлік қатынастарда адал және парасатты болуға, лауазымдық міндеттерді жүргізудің кез келген теріс пиғылды тәсілдерінен аулақ болуға тиіс;

3) КМК беделін түсіретін іс-әрекеттерді жасауға жол бермеу;

4) КМКК қызметтік жағдайын, құпия және инсайдерлік ақпаратты, материалдық және материалдық емес активтерін жеке мақсатта пайдаланбауға;

5) құқыққа сыйымсыз әрекеттерге не олардың заңдылығы мен адалдылығына қатысты күдік тудыруы мүмкін әрекеттерге жол бермеуге міндетті;

6) әріптестерден сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары құқықтық мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау;

7) табыс алумен байланысты кәсіпкерлік қызметті және (немесе) өзге де қызметті жүзеге асыру барысында біреуге көмек көрсетуден бас тартуға құқылы;

8) басқа қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға бейімдемеуге және мұндай әрекеттерді көтермелемеуге;

9) мүдделер қақтығысы болған кезде лауазымдық міндеттерді жүзеге асырмауға міндетті.

16. КМК қызметкерлері міндетті:

1) КМК мүддесі немесе атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаудан және (немесе) қатысудан аулақ болу;

2) КМК мүддесі немесе оның атынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасауға немесе қатысуға дайындық ретінде айналасындағылар түсіндіруі мүмкін мінез-құлықтан аулақ болуға;

3) жұмыскерде мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігі не туындауы мүмкін екендігі туралы тікелей басшыға хабарлауға міндетті.

Өз іс-әрекеттерінің дұрыстығына қатысты немесе кез келген басқа мінез-құлық нормалары бойынша күмән туындаған жағдайда КМК лауазымды адамдары мен қызметкерлері КМК комплаенс офицеріне жүгіне алады.

7. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралар кешені

16. КМК қызметінің кейбір салаларында сыбайлас жемқорлық тәуекелі туындауы мүмкін. Мұндай салаларға жатады, бірақ атап өтілгендермен шектелмейді:

1) үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру;

2) саяси қызметке қатысу;

3) жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға төленетін

төлемдері:

- 4) демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету;
- 5) персоналды басқару.

7.1 Үшінші тұлғаларды тарту және үшінші тұлғаларға төлемдерді жүзеге асыру

17. КМК үшінші тұлғаларды тартудан және ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, осы саясаттың қағидаттары мен талаптарын бұзатын немесе КМК үшін іскерлік беделін жоғалту тәуекелін тудыратын серіктестермен бірлескен кәсіпорындарға қатысудан бас тартады.

7.2 Саяси қызметке қатысу

18. КМК қызметін сақтауға немесе кеңейтуге ықпал ететін жария лауазымды тұлғалардың немесе өзге тұлғалардың шешім қабылдауына ықпал ету тікелей немесе жанама мақсатпен саяси қызметке қатыспайды, немесе егер осындай қатысу осындай ықпал ету әрекеті ретінде қабылданса.

19. КМК өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында саяси партияларды, қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыруды дербес немесе өзінің лауазымды адамдары мен қызметкерлері арқылы жүзеге асырмайды.

20. КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес құрылған қоғамдық бірлестіктерге, сондай-ақ мақсаты КМК өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау болып табылмайтын Халықаралық қоғамдық бірлестіктерге қатысуға құқылы.

21. КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне қоғамдық бірлестіктерге қатысу кезінде КМК атынан өз қызметінде артықшылық алу немесе сақтау мақсатында ұсынуға, беруге, уәде етуге немесе төлем жасауға, мүлік салуға, сыйлықтар беруге және т.б. тыйым салынады.

22. КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері қоғамдық бірлестіктерге қатысқаны үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес дербес жауапты болады.

7.3 Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға төлемдер

23. КМК коммерциялық артықшылық алу мақсатында жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдарға, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға, сондай-ақ оларға теңестірілген адамдарға, оның ішінде шетелдік лауазымды адамдарға, олардың жақын туыстарына кез келген шығыстарды төлеуді дербес немесе өз қызметкерлері мен лауазымды адамдары арқылы жүзеге асырмайды, оның ішінде көлік, тұру, тамақтану, ойын-сауық, PR-кампаниялар және т.б. немесе олардың КМК

есепінен басқа пайда алу шығындары.

24. КМК аппараты мен мөлшері ашық қолжетімді мемлекеттік қызметтер үшін ресми алымдарды қоспағанда, формальдылықтарды оңайлатқаны үшін тікелей немесе өз агенттері арқылы сыйақы төлеуді жүзеге асырмайды.

25. КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметшілермен өзара іс-қимыл кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін дербес жауапты болады.

7.4 Демеушілік және қайырымдылық көмек көрсету

26. КМК лауазымды тұлғалар мен қызметкерлерге өз атынан қайырымдылық және/немесе демеушілік көмек көрсетуге тыйым салмайды.

7.5 Персоналды басқару

27. КМК кадрлық шешімдер қабылдау кезінде объективтілік және адалдық қағидаттарын ұстанады. Персоналды жалдау, бағалау, жоғарылату және жұмыстан шығару кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау мақсатында, КМК:

1) белгіленген тәртіппен персоналды іріктеу мен жалдаудың ашық рәсімдерін және лауазымға қойылатын тиісті біліктілік талаптарын әзірлейді және бекітеді;

2) еңбек қатынастарын бастау немесе жалғастыру туралы шешім қабылдау алдында кандидаттардың сенімділігі мен мүдделер қақтығысының болмауы тұрғысынан оларды жұмысқа орналастыруға тексеруді жүзеге асырады;

3) өзінің қызметінің түйінді көрсеткіштерінің және кәсіби жетістіктерінің нәтижелілігін негізге ала отырып, персоналдың қызметін бағалауды және сыйақы төлеуді жүргізеді;

4) жұмыскердің іскерлік қасиеттері мен біліктілігіне қарай жоғары тұрған лауазымға жоғарылату туралы шешім қабылдайды;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша қызметкермен еңбек қатынастарын бұзу рәсімін жүзеге асырады.

28. Лауазымды тұлғалар жұмысқа қабылдау немесе КМК -мен еңбек қатынастарын жалғастыру кезінде осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау туралы келісім нысаны бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

29. КМК лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, өкілеттікті тоқтату үшін негіз болып табылады.

8. Мүдделер қактығысын болдырмау және шешу

30. Мүдделер қактығысын басқару сыбайлас жемқорлыққа қарсы маңызды тетіктердің бірі болып табылады. КМК мүдделер қактығысымен байланысты тәуекелдерді іске асырудың алдын алуға және оларды реттеуге көп көңіл бөледі.

31. КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде КМК мүдделерін басшылыққа алуға және олардан жеке мүдделері КМК мүдделеріне қайшы келетін жағдайлардан немесе жағдайлардан аулақ болуға міндетті. Мүдделер қактығысы туындаған (немесе оның туындау мүмкіндігі) жағдайда, КМК лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы ақпаратты жазбаша нысанда тікелей басшысының не жоғары тұрған КМК басшылығының назарына жеткізуге міндетті.

32. КМК директоры лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің өтініштері бойынша немесе басқа көздерден ақпарат алған кезде КМК мүдделер қактығысын реттеу жөніндегі Ережеге сәйкес тиісті деңгейде шараларын уактылы қабылдауға міндетті.

9. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау

33. КМК жыл сайын сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізеді, сондай-ақ оларды азайту бойынша шаралар әзірлейді.

34. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдаудың мақсаты КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау тәуекелдеріне ұшыраған және КМК лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке пайда алу мақсатында да, сондай-ақ КМК пайда алу мақсатында да сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау ықтималдығы жоғары қызмет түрлерін және бизнес-процестерін анықтау болып табылады.

35. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг негізінде жүргізіледі.

36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг мынадай шараларды қамтиды, бірақ төмендегілермен шектелмейді:

1) КМК негізгі ішкі құжаттарының және олардың жобаларының сыбайлас жемқорлық көріністері (сыбайлас жемқорлық факторлары) үшін себептер мен жағдайларды жасауға ықпал ететін ережелердің болуы мәніне бекітуге шығарылатын жобаларына комплаенс-сараптама жүргізу және оларды жою бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) өзінің ішкі құжаттарын сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзгеретін талаптарына жедел сәйкестендіру мақсатында КМК қызметіне ықпал ететін ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының мониторингі;

3) КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық көріністері фактілері бойынша жеке және заңды тұлғалар өтініштерінің статистикасын зерделеу;

4) бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдардың мониторингі. КМК құрылымдық бөлімшелерінің қызметі сыбайлас жемқорлық

тәуекелдерін ішкі талдау объектісі болып табылады және мыналарды қамтиды:

1) бизнес-процестің «сыни нүктелерін» анықтау, оларды іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындауы ықтимал;

2) құрамында сыбайлас жемқорлық схемаларының сипаттамасы:

- КМК немесе оның жекелеген лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған кезде алуы мүмкін пайданың немесе артықшылықтың сипаттамасы;

- КМК -дағы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау үшін «негізгі» болып табылатын лауазымдар;

- сыбайлас жемқорлық төлемдерін жүзеге асырудың ықтимал нысандары;

3) ішкі бақылау рәсімдерінің болуын немесе болмауын айқындау, қолданыстағы бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалау.

37. Кез келген сыбайлас жемқорлық схемасы үшін тәуекелге төзімділіктің нөлдік деңгейі қабылданды және әрбір жағдайда КМК ішкі талдау нәтижелері бойынша анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша азайту бойынша шаралар әзірлейді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау, оларды азайту шараларын әзірлеу тәртібі КМК ішкі құжаттарымен реттеледі.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

38. КМК сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлейді, оның мақсаты қызметтің оқшауланған саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ұсынымдар жүйесін белгілеу болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар КМК ішкі құжаттарын әзірлеу кезінде ескеріледі.

39. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу міндеттері:

1) КМК жұмыс істейтін тұлғалардың тұрақты Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

40. КМК -да сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.

41. КМК жұмыскерлерін оқытуды және тестілеуді өткізуді қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданылатын заңнаманың, осы саясаттың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы өзге де ішкі құжаттардың қағида-тәртіптері мен нормаларын ақпараттандыру және түсіндіру бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

42. КМК барлық қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат пен рәсімдерді қалыптастыруға белсенді қатысуын қолдайды.

11. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы

хабарламалар

43. Егер КМК -да лауазымды тұлға немесе КМК қызметкері жасаған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық орын алғаны туралы қандай да бір күзетік болса, бұл туралы өзінің тікелей немесе жоғары тұрған басшысына және (немесе) КМК комплаенс офицеріне және (немесе) сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің 1424 нөмірі бойынша дереу хабарлау қажет.

12. Өзара ынтымақтастық

44. КМК өзара түсіністік қағидаты негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы уәкілетті мемлекеттік органдармен және ұйымдармен, үшінші тұлғалармен ынтымақтасады:

1) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтар жасау жағдайлары туралы ақпарат беру;

2) сыбайлас жемқорлық белгілері бар бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу кезінде жардемдесу жолымен жүзеге асыру;

3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуы мәселелері бойынша КМК қызметіне тексеру жүргізу кезінде үйлестіру және сыбайлас жемқорлықтан алдын алу және қарсы іс-қимыл бойынша бірлескен іс-шараларды әзірлеу;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелеріне байланысты уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдардың сұрау салулары бойынша түсініктемелер беру/кенестерге (кездесулерге) қатысу.

13. Жауапкершілік

45. КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасағаны үшін ҚР заңнамасымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

46. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін тиісті жауапкершілік шаралары қолданылған КМК лауазымды адамдары мен қызметкерлері ҚР сотының заңды күшіне енген шешімінен басқа КМК материалдық залалын өтеуден босатылмайды.

47. Осы Саясат талаптарының орындалуына КМК -ның лауазымды тұлғалары, қызметкерлері және құрылымдық бөлімшелері өз құзыреті шегінде жауапты болады.

48. КМК лауазымды тұлғалары мен қызметкерлері осы Саясатқа 2-қосымшада көзделген нысан бойынша өзінің осы саясатты адал орындау міндеттемесін растауға міндетті.

«Күршім ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ
КМҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына 1-қосымша

Осы нысанды ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында және «Күршім ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ КМҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында көзделген сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдағаныңызды растау үшін пайдаланыңыз.

КМҚК Еңбек және/немесе лауазымдық міндеттерін орындаған күннен бастап толтырылған және қол қойылған растау нысаны КМҚК лауазымды тұлғаларының жеке ісінде сақталады.

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдау
туралы келісім нысаны**

Мен, _____
(Тегі, Аты, Әкесінің аты)

_____ (лауазымын көрсету)

ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, «_____» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының талаптарын сақтау, менің өкілеттігімді жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануға алып келуі мүмкін әрекеттерді жасауға жол бермеу мақсатында өзіме мынадай сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдаймын:

- 1) өз функцияларын орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) лауазымды адамдардың өздерінің жақын туыстарымен (ата-аналары (ата-анасы), балалары, бала асырап алушылар, асырап алынғандар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындас-сінділері, атасы, әжесі, немерелері), ерлі-зайыптылар мен жекжаттардың (аға-інілері, апа-қарындас-сінділері, ата-аналары мен балалары) бір бөлімшеде болатын лауазымда болуына жол бермеу (жұбайы (зайыбы) немесе - егер бөлімшелер әртүрлі болса-лауазымы функционалдық (бизнес-процестер бойынша) жақын туыстары атқаратын лауазымдарға байланысты;
- 3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын ақпаратты пайдалану арқылы жүзеге асырылады;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымдық өкілеттіліктерін атқаруына байланысты сыйлықтар қабылдау.

қолы, аты-жөні лауазымы

«Күршім ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ
КМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы
іс-қимыл саясатына 2-қосымша

Осы нысанды Сіз ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын және «Күршім ауданының аудандық ауруханасы» ШЖҚ

КМК-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын адал ұстануға және мүлтіксіз сақтауға міндеттенетінінізді растау үшін пайдаланыңыз.

КМК Еңбек және / немесе лауазымдық міндеттерін орындаған сәттен бастап толтырылған және қол қойылған растау нысаны КМҚК лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлерінің жеке ісінде сақталады.

Растау

Тіісті ұяшықтарды белгілеңіз

- ☐ Мен «_____» КМҚК-дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатыменні оқып танысқанымды растаймын;
- ☐ Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасында, «_____» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатында белгіленген талаптарды қатаң сақтауға міндеттенемін;
- ☐ Мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын, «_____» КМҚК сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатын бұзған жағдайда, мені жауапкершілікке тартуы, оның ішінде ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен атқаратын лауазымымнан босатуы мүмкін екендігі туралы хабардармын.

Осы жерге қол қойыңыз

_____ Аты-жөні, лауазымы